

**ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ АТА-МЕКЕНІ ЖӘНЕ ШЫҒУ ТЕГІ
МӘСЕЛЕСІ ТӨҢІРЕГІНДЕ
ON THE PROBLEMS OF GENETICS AND THE HOMELAND OF THE
KAZAKH PEOPLE**

Б. ҚЫЗДАРБЕКОВ*

Резюме

Қазақ халқының ата-мекені және шығу тегі (этногенезі) мәселелері өзектілігімен ерекшеленеді. Қазақ халқының ата-мекені мен шығу тегі жөнінде тарихнамада қарама-қайшы екі тұжырым қалыптасқан. Мақалада автор қазақ халқының шығу тегіне «автохтонды» және «көші-қон» тұжырымдамасын негізге ала отырып, ғылыми талдау жасаған.

Кілт сөздер: Этногенез, тарихнама, ата-мекен, автохтонды және көші-қон тұжырымдамасы, Ұлы дала.

Summary

The article discusses the «autochthonous» and «migration» concepts of origin of the Kazakh people, it is proved that the Great Steppe is the ancestral home and birthplace of the Turkic peoples.

Keywords: Ethnogenesis, historiography, «autochthonous» and «migration» concepts, Great Steppe.

Түркі халықтарының, соның ішінде қазақ халқының ата-мекені және шығу тегі (этногенезі) мәселелері өзектілігімен ерекшеленеді. Ғылыми еңбектерде, «Қазақстан тарихы» оқулықтарында, сондай-ақ жай тарихты ұғынуда осы мәселелер төңірегінде кең тараған жаңылысулар мен бекіп қалған стереотиптер, күмән тудырмайтын ақиқатқа (аксиомаға) айналған ұғымдар, антитүріктік, еуроцентристік көзқарастар мол кездеседі.

Қазақ халқының ата-мекені мен шығу тегі жөнінде тарихнамада қарама-қайшы екі тұжырым қалыптасқан [1]. Біріншісі автохтондық (байырғы) тұжырым бойынша қазақтардың ата-бабалары Ұлы Даланың ежелгі тұрғындары – үнді-ирандық және сақ-скиф тайпалары болған. Отандас және қазақстандық ғалымдар сенімді түрде

* тарих ғылымдарының докторы, профессор, Қарағанды мемлекеттік медицина университеті, Қарағанды/Қазақстан.

Doctor of historical sciences, professor, Karaganda state medical university. Karaganda-Kazakhstan.

E-mail: kyzdarbekov.01@gmail.com

қазақтарды қола ғасырындағы андронов тайпаларының (тур, хьон, сайрим, даха (даи) және ерте темір ғасырындағы сақ, үйсін, қаңлы, ғұн және т.б. тайпалардың ұрпақтары деп түсіндіреді.

Бірақ автохтонды тұжырымды қолдайтын ғалымдардың барлығы дерлік (оларға еуроцентристік көзқарастағы ғалымдар да қосылады) үнді-ирандық және сақ-скиф тайпаларын үнді-еуропалық халықтардың қатарына жатқызып, олардың үнді-иран тілінде сөйлегенін алға тартады. Сақ, скиф, сармат, үйсін, қаңлы тайпаларының түркі тілінде сөйлегені олардың қаперіне де кірмеген.

Екінші – миграциялық тұжырымды жақтаушылардың пайымдауынша, қазақтардың ата-бабалары Қазақстан территориясына тым кеш келген, ал қазақ халқы осы аймақтағы байырғы, көне тұрғындарға, яғни үнді-еуропалықтарға ешқандай қатынасы жоқ.

Еуроцентристік тұжырым бойынша Ұлы Даладағы, яғни Еуразияның далалық кеңістігінде мекендеген тұрғылықты қазақ, түрік, өзбек, татар, башқұрт халықтары қазіргі түркі тілінде тек біздің заманда ғана сөйлей бастаған. Оған дейін олар үндіеуропалықтар болған, неміс, швед, француз, орыстармен туыстас халық болған.

Бір қызығы, еуроцентристер түркі тілінің шығуын ортағасырдан бастайтыны (VI ғ). Сонда, Солтүстік Америка, Австралия, Шумер, Кіші Азияда, Балқанда тұратын байырғы халықтардың сөз қорларында ондаған, жүздеген түркі сөздерінің болғанын немен түсіндіреді екен. Татар ғалымы А.Карамуллин [2], балқар ғалымы И.Мизиев [3] және т.б. соның ішінде О.Сүлейменов [4] аты аталған елді-мекендегі халықтардың түркі тілінде сөйлегенін дәлелдегені мамандарға белгілі. Тіпті, христиандардың «Библиясында» [5] Нұх пайғамбар туралы аңызда, оның үш баласының бірі – Иафеттен тарайтын ұрпақтың: Ашкеназдың, Рифаттың және Тарғытайдың түркі халықтарының ата-бабасы деп босқа айтылмаған ғой. Тіпті, орыс-славян халықтарының сөздік қорындағы «айқын» немесе «көзге көрінбейтін» («невидимые туркизмы») түркі сөздерін қайтеміз. Бұл айтылғанның барлығы Алтайдан Солтүстік Қара Теңіз, Дунайға, Карпатқа дейін ес білетін заманнан түркі тілдес халықтардың мекендегеніне дәлел болатыны сөзсіз. Қазіргі қазақ, түрік және басқа да халықтар «көк түріктердің» ғана ұрпағы емес.

Түркілердің алғашқы отаны – Еділ мен Жайық аралығында өмір сүрген қорған мәдениетін құрған «шұңқыр», «үңгір» және «қима» тайпаларының [6], сондай-ақ Арқайым-Сынтас қала өркениетін құрған энеолит тайпаларының да ұрпағы екенін айтқанымыз жөн.

Қазақстан территориясындағы көне дәуірге жататын жәдігерлерді тамаша білетін «Туран – колыбель древних цивилизаций» атты монографияның авторы А. Қ. Нарымбаева, бұлтартпайтын фактілердің, мысалдардың негізінде, түсінікті және тартымды тілмен, қазіргі Қазақстан территориясының көне қалалық өркениеттің алтын бесігі болғанын, сонымен қатар, адамдардың да, табиғи апаттардың да, зиянды әсерінен аман қалған, тамаша сақталынған Арқайым қаласы оңтүстік Орал мен Қазақстанның, кеңірек айтқанда, көне Тұранның қола ғасырындағы тарихына, ғалымдарды жаңаша қарауға мәжбүр еткен әлемдік мәдениеттің, көне дәуірдің бірегей ескерткіші болып табылатынын тамаша дәлелдеп бергенін айтқанымыз дұрыс болар [7].

Шартты түрде Арқайым-Сынтас қала өркениеті деп атаған, бұл мәдениеттің уақыты – б.з.д. IV-II мыңыншы жылдар. Ғалымдардың айтуынша, Арқайым-Сынтас мәдениеті әлемдегі ең көне мәдениет. Ол андронов мәдениетінен 1-2 мың жыл ерте пайда болған. Ол шумер қалалық өркениетінің ізашары болып есептеледі.

Көне Тұранға Арқайым-Сынтас өңірі ғана емес, сондай-ақ Сары-Арқа (Орталық Қазақстан), Солтүстік және Шығыс Қазақстан, Алтай, Оңтүстік Қазақстан және Жетісу да кіреді. Нақ осы Тұранда – көне түркілердің ата-мекенінде энеолит дәуірінде, адамдар алғаш рет жабайы жылқыны қолға үйретеді, бірінші боп дөңгелекті және соғыс арбасын жасайды, металлдың құпиясын жақсы білген тур тайпалары мысқа қалайыны қосып қоланы алады. Көне грек, көне еврей, көне гот, санскрит тілдерінде металл «jes», «ais», яғни «жез» деп және «қалайы» деп аталған. Олай болса металды-қоланы ойлап тапқандар пратүркі тілінде сөйлейтін энеолит тайпалары (Ботайлықтар) болған. Бұл факт Ұлы Даладағы үндіеуропалық кезеңнің мүлдем болмағанына біздің көзімізді жеткізеді [8]. Олардың қола және ерте темір ғасырындағы қол жеткізген жетістіктерін айтпағанның өзінде көне түркілердің (пратүркілердің) энеолит дәуіріндегі құндылықтарының бір өзі адамға өте мықты әсер қалдырады. Күн қаласы – Арқайымды, оның ғажайып қала өркениетін құрғандар осы шумерлердің (саг-гиг тайпаларының – Б.Қ.) ата-бабалары Тұранның энеолит тайпалары болуы әбден мүмкін. Таяу Шығыстағы түркі ареалының болуы, осы жерде, сондай-ақ Кіші және Орта Азияда, біздің заманымыздан көп бұрын, кейбір географиялық объектілердің жалпы түркі аттарына ие болғанын, кейініректе олардың кейбіреулері жеке өз аттарымен аталғанынан байқауға болады. Мәселен, Кіші Азияда «Тавр» деген атпен белгілі таулар («Понт Тавры», «Малоазиялық – Кіші Азиялық Тавр»)

кездеседі. «Тавр» - түркілердің екі сөзінен тұрады: «тау» және «ер». Тау адамы деген мағына береді. Қырымда Тавр таулары бар екенін білеміз.

Қардан ағарып көрінетін жартасты ертеректе «Краукас» («ағарған жартасты таулар») деп атаған. Осыдан «Кавказ» шығады. Кейбір өзендерді гректер «Оксий» түркіше «Ақсу, таза су» деп атаған, «Аракс» (арық су), «Танаис» (тыныш су) деген мағына береді. Сөйтіп, ресми тарих ғылымының Алдыңғы және Кіші Азияда, көне түркі ареалы болмаған және алғашқы түркілер бұл маңға тек б.з. XI ғасырында ғана келді деген тұжырымның шындыққа мүлдем жанаспайтынына көзіміз жетті.

Жоғарыда келтірілген мәліметтерге ден қойып талдау жасасақ, түркі тілдері өздерінің лексикалық тамырымен ғасырлардың тереңдігіне кететінін байқаймыз, сондай-ақ көне замандағы түркі тілдес халықтар-пратүркілер, бір-бірімен байланыссыз немесе өзара байланыста, біріңғай көне этномәдени қабатты құрап, әлемнің әр түрлі бөліктерінде тұрғанына куә боламыз. Энеолит, қола ғасырында ерте көшпелілер дәуірінде (ерте темір немесе сақ-скиф дәуірі), Ұлы Далада мекендеген тайпалардың, халықтардың о бастан түркі тілдес екендігін дәлелдейтін салмақты аргумент келтіруге болады. Грек, парсы, қытай, көне еврей тілдерінде тайға таңба басқандай сақталынып қалған тайпа мен кісі аттары: арий (түркі тілінде – «ар», «намыс», «абырой», «тазалық», «пәктік» деген ұғымды береді, тур – «туран», «түркі әлемі», «Түркістан», сайрим – «сарматтар», даха(даи) – «адайлар», сақ («қассақ» - «нағыз сақ», иш-күз – «ішкі ғұз», «ішкі тайпа»); Таш-ғұз – («тысқары ғұз», «сыртқы ғұздар»); ал, тысқары ғұздарға кіретін, массагет, исседон, аргиппей, аримаспы тайпаларының түркі тектес екенін Геродот, «Авеста», Фирдоуси («Шахнамә») жазып кеткен; Үйсіндердің, қаңлылардың, ғұндардың түркі тілдес екенін Қытайдың Батыс өлкені (Сиюйді) арнайы зерттеген император Ву-Дидің елшісі, миссионер Чжан-Цянь және де Сыма Цянь мен Бан Гу растайды. Олардың түркі екендігін скифтердің («ішкі-ғұздардың») патшасы – Ишпакай, оның немересі – Мәди, Солтүстік Қара Теңіз жағалауындағы құл иеленуші Скиф мемлекетінің патшасы – «Атей» (б.з.д. IV ғ.). нұх пайғамбардың немерелері; Ашкеназ («ішкі ғұз»), Рифат және Тагарма (түркі тілдес хазарлардың ата-бабасы – Б.Қ.); Бильгамеш – («дана», «білімді», «білгіш» - шумерлердің көсемі); Сақ мемлекетін құрған – Алп Ер Тунга (Афрасиаб) (б.з.д. VIII ғ.) Шу қаған және т.б. кісі аттары дәлелдейді.

Еуроцентристік тұжырымға сәйкес Қазақстан территориясында үндіеуропалық кезең болған. Академик М.Қ.Қозыбаевтың дәуірге бөлу кестесіне жүгінсек, қазақ өлкесінде түркі кезеңі нақты VI ғ. басталады. Бір қызығы түркі тілдес ғұндар бұл кестеден тыс қалған. Ес білетін дәуірден VI ғ. дейін Ұлы Далада, яғни Алтайдан Еділ-Жайыққа, Солтүстік Қара Теңіз жағалауларына дейінгі орасан зор территорияда еуроидтың антропологиялық типке жататын үндіеуропалық халықтар тұрған көрінеді. Бұдан Ұлы Далада үндіеуропалық кезеңнің болғанын байқаймыз.

Еуроцентристік көзқарасты жақтайтын көптеген ғалымдар, Шығыста (Азияда) орын алған ірі құбылыстар мен процесстерді, үндіеуропалық, нәсілдерің тарихи ролімен байланыстырады. Үндіеуропалықтар артта қалған, дөрекі, жабайы неолит және энеолит халықтарын адамзаттың даму сатысына қосқанын өздерінің тарихи миссиясы деп санаған.

Еуроцентристік концепцияны ең бірінші болып сынға алған, түркі халықтарының өзіндік орны бар екендігін тарихта барша жұртқа әйгілі еткені үшін, кезінде жапа шеккен (10-15 жыл түрмеде отырған) атақты тюрколог Л.Н.Гумилев: «Еуроцентристке» «бүкіл әлем-тек Еуропаның варварлық перифериясы (шеткі аймағы – Б.Қ.)» [9] деп бекер ашуланбаған болатын. Еуроцентризмнің және антиюркизмнің (түркі іліміне қарсы) апологеттері (мадақтаушылары) «үнді-ирандық көшпелілер» атты теорияны ойлап шығарады, шын мәнінде «үнді-ирандықтар» деп аталатын отырықшы тайпалардың бір мезетте көшпелілер бола қалуы мүмкін емес екендігін, әрбір маман жақсы біледі. Шындап келсек, табиғатта бірде-бір көшпелі ирандық болмаған. Иран тайпалары отырықшы халықтардың қатарына жатады.

Еуразияның далалық аймағын (б.з.д. IV-I мың ж.ж.) жаппай «үндіирандық мекенге» айналдыру барлығымыздың, соның ішінде жастардың, студент қауымының қазақтардың көне тарихын дұрыс қабылдауға кері әсерін тигізгені сөзсіз. Осындай идеологиялық ашытқыдан бірнеше ұрпақ рухани тәрбие алып өскені белгілі. Олар дүниеге тек еуропалықтардың көзімен қарауды әдетке айналдырады. Орыс-кеңес тарихшылары өсіп келе жатқан жас ұрпақтың санасына, тарихқа имперлік, еуроцентристік, самодержавиелік-орыстық көзқараспен қарауды енгізуге тырысқанын біз білеміз. Ең сұмдығы, мұндай сорақылық тек қана тарих пәнінің еншісі болып қалған жоқ. Сонымен бірге көркем әдебиет, кино, театр, бейнелеу өнері сияқты рухани салаларға да кері әсерін тигізді. Қаншама ұрпақтың санасы

уланды, қаншама ұрпақ, әсіресе қазақи рухы жоқ, ұлттық салт-дәстүрден хабары шамалы «ұлттар лабораториясы» болып саналатын Қазақстанда «интернациональдық» тәрбие алған қаншама ұрпақ әлі де болса еуроцентристік, көзқарастан арыла алмай жүр десеңізші! Мектептерге, колледждерге және жоғарғы оқу орындарына арналған оқулықтардың авторлары менің ойымша, ең алдымен оқулықтардан аксиомаға айналған еуроцентризм «рухын» құртуы керек, өйткені одан нәсілдік идеологияның жаман «исі» шығатыны ақиқат.

Орыс-кеңес тарихшыларының, ғалымдарының ішінде отарлық саясатқа қызмет еткен «ұлтшыл-патриоттар», жасырын шовинистер әлі де көптеп кездеседі. Олардың кейбіреулері Еуразия даласының тұрғылықты халықтарының тарихи ролін кемсітіп, үндіеуропалықтардың, соның ішінде славяндардың, орыстардың ұлылығын, айбындылығын шарықтау деңгейіне жеткізіп көрсеткісі келетіні шындық. Осы бағытта мақсаттарына жету үшін олар Ұлы Даланы кемсітіп, өздерінің өткенін дәріптеуді мемлекеттік деңгейге дейін көтеріп қарастырады. Еуроцентристік-ғалымдардың, ұлтшыл-патриотизмі кейбір кездерде тіпті шовинизмге өтіп кететіні белгілі.

Президент Н.А.Назарбаев «Тарих толқынында» атты еңбегінде «тарихқа деген бұл сияқты көзқарас еуроцентризм мен кеңесцентризмнің тұрақтанған дәстүрімен тікелей байланысты. Байырғы ұлы бабаларымыздың ұрпағы ретінде, біреудің шайнап бергенін малдану бізге жараспайды. Сондықтан да, өткенімізге, бүгініміз бен болашағымызға жалтақсыз жанар тіктейтін мезгіл жетті» деп, мұндай кертартпа көзқарастарды әрдайым сынға алуды ұсынады [10].

Атына және аруағына бас иіп, табынатын ата-бабаларымыз үндіеуропалықтар болды, олар осы аймақтың көне тұрғындары емес, бұл жерге тым кеш келген «келімсектер» деп пайымдауларының өзі, біздің түркілік сана-сезімімізді кемсіту және ұлттық құндылықтарымызды қорлау, осы орасан зор, қазына байлыққа толы, киелі жерді сыртқы жауларға бермей, қасық қаны қалғанша шайқасқан бабаларымыздың төккен қаны мен маңдай теріне түкірік шашу болып табылады.

2004-2006 ж.ж. арналған «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасына сәйкес тарихшылар, жазушылар қауымы қаншама жылдар қордаланып қалған ойлар мен пікірлерге көңіл бөліп, сараптамалар, талдаулар жасауға кіріскені белгілі. Тарихқа байланысты зиялы қауымның ойын белгілі ғалым Рахманқұл Бердібай

төменгі сөзбен білдіреді: «Нағыз тарихымыз әлі жазылған жоқ!». Академик ағамыз ғылыми оралымға медициналық «клиникалық өлім» деген ұғымды енгізіп, Қазақ рухын клиникалық өлімнен тірілту керек, ол үшін көп жұмыс істеу керек, ең бастысы тарихымызды қайта жазуымыз керек. 5 мың жылдық даңқты тарихымызды оқулықтарға кіргізбесе болмайды [11], – дейді. Академик Р.Бердібаев оқушыларымыз ертеңгі осы мемлекеттің патриотына айналсын десек, олар тарихты білетін болсын деп біздерге аманат қып тапсырған еді.

Рухы тапталған, тарихы танымастай бұрмаланған, құлдық психологиядан, отарлық езгінің сарқыншақтарының әлі де болса арыла алмаған бірден-бір халық біздер, қазақтар шығармыз.

Осындайда тәуелсіз үнді мемлекетінің негізін қалаған Джавахарлар Нерудің, жаулап алынған халықтардың тарихын жаулап алушылар жазады. Көбінесе олардың версиясы үстем болады, деген сөзі еске түседі [12].

Жаулап алушылардың арнайы тапсырмасымен жазылған тарихымызды, заман талабына сай қайта жазуымыз керек екендігі айдан ашық. Тәуелсіздік Қазақстан жылдары жазылған «Қазақстан тарихы» оқулықтары [13], кеңес дәуірінде еуроцентристік, ұлы державалық шовинистік пиғылда жазылған еңбектерден алыс кеткен жоқ. Себебі қазақтардың өте бай, тамыры тереңге жатқан тарихын, қазақша білмейтін, қазақтардың салт-дәстүрінен, әдет-ғұрпынан, психологиясынан, менталитетінен, ұлттық сезімінен хабары жоқ, қазақи рухтан жұрдай «шала қазақтар» мен орыс ғалымдар, әдетте орыс «көзілдірігі» арқылы, орыс көзқарасы тұрғысынан жазған. Олар оқулық тұрмақ, қазақша шыққан мәліметтерді, деректерді пайдаланып, оларға сілтеме жасап бір ғылыми мақала жаза алмайды. Бұдан шығатын қорытынды, олар орыс тілінде жазылған, еуроцентристік тұжырымдарды, моноцентристік көзқарастарды, пайымдауларды қайталауға мәжбүр болады. Қазақтардың ата-мекені, шығу тегі сияқты күрделі тақырыптардың зерттеу объектісі ретінде әлі күнге дейін қарастырылмауының, қазақтардың тарихының басқа да «ақтаңдарының» беті ашылмауының негізгі себебінің бірі осында.

Шындап келсек, қазақ халқының өте бай, тамырын тереңнен алатын, шынайы тарихы, әлі жазылған жоқ. Кеңес үкіметі және Тәуелсіз Қазақстан жылдарында жазылған академиялық бес томдық «Қазақ ССР тарихы» мен «Қазақстан тарихының» (2010 ж.) I-томдары еуроцентристік көзқарас бойынша жазылған. «Ақтаңдақтар» әлі де болса баршылық. Соңғы жылдары шыққан «Қазақстан тарихының»

басты ақтандақтарының бірі – қазақтардың ата-мекені және олардың шығу тегі (этногенезі) мәселелерінің мүлдем қарастырылмауы. Бұл мәселені шешудің бірақ жолы бар, ол – энеолит, қола ғасыры және ерте темір дәуірі кезіне, жоғары деңгейде мән беріп, терең ғылыми зерттеулер жүргізу. ҚР президенті Н.А.Назарбаев «Хроника человечества» атты 1200 беттік кітапта, сонау палеолит дәуірінен бергі ұлан-байтақ қазақ даласындағы небір ғаламат тарихи оқиғалар ауызға алынбайды, деп өкінішін білдірген болатын. «Әлемнің зиялы қауымы, өкінішке орай, бұларды білмейді. Осы үшін кімге өкпелеуге болады... Тек өзімізге өзіміз өкпелеуіміз керек. Біз өз тарихымызды өзгелер тұрмақ өзімізге де таныта алмай келе жатқан халықпыз. Зерттемесек, жазбасақ, жарияламасақ кім не деп таниды? Қалай мойындайды? Жарайды кешегі жағдай белгілі. Қазір алаңдайтын ештеңе жоқ. Жазыңыздар, жариялаңыздар» дей келе «Қазақстанның әрбір азаматы... өзінің арғы-бергі тарихи жолын ой елегінен өткізіп: «Кеше кім едік? Бүгін кіміз? Ертең кім боламыз?» деген мәселелер төңірегінде ойланулары қажет. Қазақ тарихы адамзат шежіресінің құрамдас бөлігі екенін ғылыми тұрғыдан дәлелдеп, Қазақстан жеріндегі ежелгі (энеолит, андронов) тайпаларының, ерте темір дәуіріндегі сақ, үйсін, қаңлы, ғұн мемлекеттерінің, ортағасырлық мемлекеттердің (Батыс Түрік және Шығыс (II-Шығыс) Түрік түргеш, қарлұқ, қарахан, оғыз қағанаттары, Дешті-Қыпшақ, Жошы, Шағатай, Үгедей ұлыстары, Алтын Орда, Ақ Орда, Ноғай Ордасы, Моғолстан, Көшпелі-өзбектер, Сібір және Қазақ хандықтары) болашақ қазақ халқымен (ұлтымен) сабақтастығы деген мәселелердің әлі де болса терең зерттелмегеніне көңіл аударып, осылардың әрқайсысына арнайы монографиялар жазылса да артығы жоқ. Осы ежелгі мемлекеттердің барлығы да бүгінгі қазақ елінің бастауы, түпқазығы. Біз олардың заңды мұрагеріміз. Қазақ даласында қазақтан өзге халық ту тігіп, Орда құрған емес» деп Елбасы Н.А.Назарбаев дұрыс айтқан еді [14]. Қазақтардың ата-мекені тек қазіргі Қазақстан жерімен шектелмейді. Олар Ресейдің шекаралас облыстарында, Өзбекстанның Бұхара, Жызақ, Ташкент облыстарына, Қарақалпақстан, сондай-ақ Шығыс Түркістан жерлерінде қамтиды.

«Қазақ Даласының, Қазақтардың көне тарихын саудаға салып, біздің осы өлкенің ең байырғы тұрғындарымыз екенімізге күмән келтіргісі келетіндер табылады» [15] дей келе Н.А.Назарбаев біздерге тарихшыларға, археологтарға қазақтардың ата-мекенін, шығу тегін

нақты анықтап, олардың осы жердің ежелгі тұрғындары аборигендері екендігін нақты дәлелдеуді тапсырғанын байқаймыз.

Мемлекеттік хатшы Марат Тәжиннің ҚР ұлттық тарихын зерделеу жөніндегі ведомстволық жұмыс тобының кеңейтілген отырысында жасаған баяндамасында (2013 жылы 4 маусымда), ендігі жерде тарихшы фактілерді тізбелеп, суреттеп отырушы, оқиғаларды тек «тіркеуші» емес. Ендігі жерде тарихшы «пайымдаушыға» - зерттелетін уақыттың ішкі мағынасына ой жіберетін ғылымға, фактілерді жай зерттеп қана қоймайтын, нақты қоғамның құндылықтарын, жөнжосықтарын, моралін «түсінуге» қол жеткізетін ғылымға айналуға тиіс деп, тарихшы ғалымдарға бағыт-бағдар жасайды. Ұлттық тарихты зерттеу, ұлттық тарихи сананы қалыптастыру мәселелеріне ерекше мән берілді [16].

Марат Тәжиннің баяндамасынан шығатын қорытынды, біздер тарих мамандары-тарихшылар мен археологтар, лингвистер мен басқа да тарихқа қатынасы бар ғалымдар, өзіміздің тарихымызды одан да ары тереңге, жете зерттеуге бағыттап, өткенімізге мақтанышпен қарауға мүмкіндік беретін тарихи және философиялық концепциялар жасауымыз керек. Заман талабына сай тарихымызды қайтадан қарап, түсіндіруіміз керек. Тереңде жатқан рухани тамырларды тауып, тарихымыздың мазмұнын тереңдетуіміз керек, барлық тарихи және мәдени байлығымызға, құндылықтарымызға жаңаша, сын көзбен қарап, қазақтардың ата-мекені, шығу тегі (этногенезі), мемлекеттерін құруы және дамытуы мәселелері төңірегінде қалыптасқан еуроцентристік көзқарастардан арылуға бағытталан зерттеулер жазуымыз керек. Өзіміздің өткенімізден, қазақтардың ұлт ретінде сақталынуын қамтамасыз ететін, жарқын болашағымызға негіз іздеуіміз керек. Біз өткен тарихты бүгінгімізбен байланыстыра отырып, өткенді бүгіннің құндылықтар терезесінен қарап зерттеуіміз керек. Шындап келсек, қазақтардың көне тарихын, қазақи рухы бар, ұлтжанды нағыз мамандар жазуы керек. Белгілі археолог, таихшы, 90 жасты алқымдап қалған, ақсақалымыз У. Х. Шалекенов: «Көшпенді деп айдар тағылған халықтардың ішінен шыққан, өз халқының менталитетін білетін ғалымдарды тыңдамай мұхиттың арғы жағында (Америкада – Б. Қ.) өмір сүріп отырған А. М. Хазанов сияқтылар (оның ішінде орыс-кеңес тарихшылары, археологтары да кіріп кетеді – Б. Қ.), түріктердің ғасырлар бойына пайда еткен өркениетін, жалпы менталитетін қалай білсін. Олар қолдарына тиген деректерге сүйеніп, көшпелілердің тарихы туралы бал ашып жаза береді. Бұндай түрік

тарихының «маманымыз» деп жүргендер, сол халықтардың тілін де білмейді. Солай болса, түрік халықтарының, соның ішінде қазақ халқының тарихын солар жазып бере ме? Біздіңше, әр халықтың төл тарихын өзінің ішінен шыққан перзенттері жазу керек» деп, төл тарихымыздың болашағына алаңдаушылығын айқын сездіреді [17].

Қазақтардың түп-тамыры – көне түркі тарихы. Олай болса көне түркілер тарихына көбірек көңіл бөлуіміз керек. Ұлы Далада ес білген заманнан өмір сүрген арий, тур, хьон, сайрим, даха (даи), массагет, исседон, аримаспы, аргиппей, сақ (скиф), сармат, алан, үйсін, қаңлы тайпаларының шығу тегін, қай тілде сөйлегенін, еуроцентристердің кертартпа, антитүріктік көзқарасынан аршып алсақ, қазақтардың нақты, шынайы тарихын жазуға мүмкіндік алар едік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. *История Казахстана. Народы и культуры.* – Н.У.Масанов, Ж.Б.Абылхожин и др. – Алматы, 2001. 57-58 б.б.
2. Карамуллин А. *Тюрки и индейцы Америки* – Истоки происхождения: Алматы, 2004. 24-84 б.б.
3. Мизиев И. *Шаги к истокам этнической истории Центрального Кавказа.* Глава III... *Зарождение традиционной культуры тюркских племен.* Нальчик. 1966. – 15 б.
4. Сулейменов О. *АзиЯ.* Книга благонамеренного читателя. – Алма-Ата. 1975
5. *Библия.* Из книги пророка Иеремии. ВДК. 1947. №1 274 б.
6. Қыздарбеков Б. *Көне Тұранның ежелгі тарихы.* – Монография. Қарағанды. 2013. 59 б.
7. Нарымбаева А.К. *Туран – колыбель древних цивилизаций:* научные издания А.К.Нарымбетовой. – Алматы, 2009. 156 б.
8. Қыздарбеков Б. *Көне Тұранның ежелгі тарихы (Жаңаша көзқарас).* – Монография. Қарағанды. 2013. 59-61 б.
9. Гумилев Л.Н. *Мені еуразиялық деп атайды.* – Алматы, 8 б.
10. Назарбаев Н.А. *Тарих толқынында.* –Алматы, 1999
11. Бердібай Р. *Ұлттық рух тамыры тарихта* // «Жалын» журналы, 2004. 2-5-б.
12. Джавахарлар Неру. *Открытие Индии.* кн. I – М., 1989. 307 б.
13. *Қазақстан тарихы. Очерктер.* –Алматы, 1993; *Қазақстан тарихы (ежелгі дәуірден бүгінге дейін) 5 томдық.* –Алматы, Атамұра, 2010.
14. Назарбаев Н.А. *Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы*// Қазақ тарихы. 1998. №3, 5-8-бб.
15. Назарбаев Н.А. *Қазақтың бүкіл тарихы – бірігу тарихы, тұтастану тарихы ...* 8-б.
16. Тажин М. *История должна объединять* // Актуальная политика №3. 2013 г.
17. Шалекенов У.Х. *Көшпелілер тұжырымдамасы қайта қарауды қажет етеді* // Жалын. 2004. №11. Қараша. 11-б.